

КІРІСПЕ

Бұл оқулықтың дайындалуы оқу процесінде жаңа ғылыми мағұлматты қолдану қажеттілігіне негізделген. Осында негізгі рөлді сәйкестендіру, бағалау және болжау атқарады. Өткізілген зерттеулер «Тіршілік әрекеті қауіпсіздігі және қоршаған ортаны қорғау» мамандығы үшін «Еңбек қауіпсіздігін және тіршілік әрекетін инженерлік қамтамасыз ету» жаңадан құрастырылған оқу курсына қолданылады.

Өндірістік ортаның негізгі элементі, өз ретінде өзара байланысты және өзара әрекеттесуші элементтерден тұратын еңбек болып табылады: еңбек субъектілері; еңбектің құралдары мен заттары; субъектілер мен машиналардың әрекетінен тұратын еңбек процестері; ауа ортасында қауіпті және зиянды қоспалар түрінде болатын мақсатты және қосалқы еңбек өнімдері; өндірістік қатынастар.

Адамның қоршаған ортасын құрайтын барлық элементтер әрекет еткенде тіршілік әрекеті қауіпсіздігіне әсер ететін факторларға айналады. Өндірістік ортадағы негативті факторлар жұмыскерлердің өмірі мен денсаулығына қауіп төндіреді. Сондықтан әрекет қауіпсіздігімен қамтамасыз ету үшін адамға жеке немесе бірігіп негативті әсер ететін барлық мүмкін (потенциалды) қауіп-қатерлерді зерттеу қажет. Қауіпсіздік пен еңбекті қорғаудың соңғы мақсатын осындай жүйелі амалда ғана кешенді түрде жүзеге асыруға болады.

Көп ғасырлық адамзат тәжірибесі әрбір қызмет потенциалды түрде қауіпті деген тұжырымдамасына негіз береді. Бұл қағида тіршілік әрекеті қауіпсіздігінің басты аксиомасының негізі болды: әрбір қызмет потенциалды түрде қауіпті.

Адамның қалыпты жағдайы — денсаулық. Қауіп-қатер адамның қалыпты жағдайының бұзылуына әкеп соғуы мүмкін, денсаулығына зиян келтіруі мүмкін.

Адамның анатомиясы мен адамның физиологиясы сияқты медициналық биологиялық ілімдер, «машиналарға» (еңбектің құралдары мен заттары), басқару құрылымына, жұмыс орындарына адамның жұмыс істеу қабілетінің жоғары болуымен, сондай-ақ оның қызметінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін эргономиялық талаптар құрастыра алады. Теориялық және практикалық гигиена, немесе өндірістік санитария, биологиялық маңызды факторлардың (санитарлы-гигиеналық және психофизиологиялық) адамға әсер етуін ескерту үшін инженерлік іс-шаралар ұйымдастыра алады.

Қауіп-қатерден қорғау шараларын проектилеу мен құрастырумен қатар барлық қауіп-қатерлер мен зияндарды сәйкестендіру, зерттеу, жете талдау, бағалау мен болжау жүру қажет.

Бұл оқулық «Еңбек және тіршілік әрекеті қауіпсіздігін инженерлік қамтамасыз ету» курсы бойынша «Тіршілік әрекеті қауіпсіздігі және қоршаған ортаны қорғау» - 25.03.2011ж. № 8 ҚР БҒМ қаулысымен бекітілген «Еңбек және тіршілік әрекеті қауіпсіздігін инженерлік қамтамасыз ету» пәні бойынша ГОСО РК № 3.08.333-2008ж. мамандығының мемлекеттік жалпы міндетті стандарттарына сәйкес құрастырылған.